

## **"Павлодар алюминий заводы" акционерлік қоғамын санациялау жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 8 желтоқсан N 1394

Қазақстан Республикасының экономикасын тұрақты дамыту, нарықтық реформалар бағдарын одан әрі дамыту, республикаға шет ел инвестицияларын, озық технологиялар мен басқару тәжірибесін тарту мақсатында Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Уайтсвен Лимитед" фирмасының "Павлодар алюминий заводы" акционерлік қоғамының, Торғай боксит кені басқармасының және Краснооктябрьск боксит кені басқармасының қызметінде ұтымды нәтижелерге жету мақсатында оларды басқару жөнінде шарт жасау туралы ұсынысы қабылдансын.

"Павлодар алюминий заводы" акционерлік қоғамының басқармасы осы қаулы қабылданған сәттен бастап, "Уайтсвен Лимитед" фирмасының жазбаша келісімінсіз экспортқа өнім шығаруға арналған қандай да болмасын шарт жасауды тоқтатсын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне Меммүліккоммен және Павлодар облысының әкімімен бірлесіп, 10 күн мерзім ішінде аталған кәсіпорындарды басқару туралы "Уайтсвен Лимитед" фирмасымен:

тараптардың міндеттемелері мен кепілдіктерін (осы қаулы қабылданғанға дейін жасалған келісімдер бойынша мәселелерді ретке келтіруді қарастырып);

фирма кәсіпорындардың қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету туралы міндеттемелерін 90 банк күнінің ішінде орындамаған жағдайда шартты біржақты бұзу мүмкіншілігін;

басқару туралы шарттың тәртіптерінің орындалуына пәрменді бақылау жасауды қамтамасыз ету жүйесін;

басқа да қажетті шарттарды қарастырып, шарт жасауды, әзірлейтін болсын.

Меммүліккомның төрағасына аталған шартқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға уәкілдік берілсін.

3. Өнеркәсіп және сауда министрі "Уайтсвен Лимитед" фирмасының ұсынысы бойынша белгіленген тәртіппен акционерлердің жиналыстарын өткізгенге дейін кәсіпорындардың басшыларын тағайындасын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Павлодар алюминий заводы" акционерлік қоғамына экспортқа арналған өніміне квоталар мен лицензиялар беруде өндірген глиноземді 100 процентке дейінгі мөлшерде бөлуді қарастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі кәсіпорындарды

басқару туралы шарттың тәртіптерін орындауға бақылау жасау жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі болып тағайындалсын және оған мемлекеттік органдардың осы қаулыны

орындау жөніндегі қызметін үйлестіру жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі он күн мерзімде осы қаулыға қайшы келетін үкімет шешімдерінің күшін жою туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулысының жобасын әзірлесін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі